ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 03 шілде Іс №7119-23-00-2/6351 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «№ 72 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«ARSENAL» (Төреқұл Жандар Сапарбекұлы) жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Астана қаласы әкімдігінің «№ 72 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

«ARSENAL» (Төреқұл Жандар Сапарбекұлы) жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«ARSENAL» (Төреқұл Жандар Сапарбекұлы) жеке кәсіпкерінен Астана қаласы әкімдігінің «№ 72 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 2938 (екі мың тоғыз жүз

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 03.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 21.08.2023, судья Баткалова Г. М., 21.08.2023
7119-23-3-1/5994

отыз сегіз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 88(сексен сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«ARSENAL» (Төреқұл Жандар Сапарбекұлы) жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1725 (мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Нұр-Сұлтан қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Нұр-Сұлтан қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **С.Т.Бертыбаева**

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 03.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 21.08.2023, судья Баткалова Г. М., 21.08.2023

7119-23-3-1/5994